

Атырау облысы әкімдігінің 2017 жылғы 28 сәуірдегі № 70 "Атырау облысы Жұмылдыру даярлығы және азаматтық қорғау басқармасын құру және оның Ережесін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Атырау облысы әкімдігінің 2023 жылғы 17 қазандағы № 204 қаулысы

Атырау облысы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Атырау облысы әкімдігінің 2017 жылғы 28 сәуірдегі № 70 "Атырау облысы Жұмылдыру даярлығы және азаматтық қорғау басқармасын құру және оның Ережесін бекіту туралы" қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

4-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

"4. Басқарманың келесі құрылымы бекітілсін:

- 1) басшы;
- 2) бас маман-есепші;
- 3) жұмылдыру даярлығы және аумақтық қорғаныс бөлімі;
- 4) азаматтық қорғау бөлімі.";

қосымшада:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Атырау облысы Жұмылдыру даярлығы және азаматтық қорғау басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ережеде:

1-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

"1. "Атырау облысы Жұмылдыру даярлығы және азаматтық қорғау басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Басқарма) жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру, азаматтық қорғау және аумақтық қорғаныс салаларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.";

12-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

"12. Міндеттері:

жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру, азаматтық қорғау, аумақтық қорғаныс, мемлекеттік шекара және азаматтарды әскери қызметке шақыру мәселелері бойынша қызметін үйлестіру.";

14-тармақтың 2) және 25) тармақшалары алынып тасталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

С. Шәпкенов

